



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

(http://Flickr.com), Flamber <i>Ақпаратты бірлесіп іздеу</i> (http://www.eurekster.com/), Роллио (http://www.rollyo.com/), Google (http://www.google.ru/)	<i>отырып Веб-конференция ұйымдастыру</i> (OpenMeetings, BigBlueButton)
---	--

Жұмысты қорытындылай келе зерттеудің маңыздылығы жалпы білім беру мектептерінде географияны оқытуда жаңа білім беру жетістіктеріне (тұлғалық, метапәндік, пәндік) жетуде әлеуметтік желі сервистерінің мақсаттылығы дәлелденді және әмбебап оқу әрекеттеріне (тұлғалық, реттеуші, танымдық, коммуникативті) деген оқушылардың қабілеттерін қалыптастыру қажеттілігі ескерілген әлеуметтік желі сервистерін саралау тәсілі ұсынылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы әлеуметтік желі сервистерінің әдістемелік қызметтері мен дидактикалық мүмкіндіктерін анықталды және де географияны оқыту үрдісінде Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын жүзеге асыру барысында әлеуметтік желі сервистерінің мүмкіндіктерін қолданудың әдістемелік тәсілдері әзірленді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 –2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Мнацаканян О.Л., Салангина Н.Я. Использование социальных сетевых сервисов для развития коммуникативных умений школьников [Текст] // Наука и школа. – 2010.
3. Мнацаканян О.Л., Салангина Н.Я. Возможности организации домашней работы в условиях информационной образовательной среды [Текст] // Наука и школа. – 2011.

ӘОЖ 911.3; 911.3:316

ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНА ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Тасқын Гүлина

gg11_2014@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

«5В060900-География» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі-Ж.Ф.Тенькебаева

Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданы 1928 жылы 3 қыркүйекте құрылды. Ауданның топонимикасы қазақи дыбыстану «Жайсаң» атауы географиялық кеңістік тұрғысынан жанға жайлы, тұрмысқа қолайлы, шұрайлы да нулы кең алқап дегенге саяды. Бұл сөз адамның жеке тұлғасына қатысты оның тектілік, біліктілік дәрежесінің жоғары екенін көрсетеді (қасқа мен жайсаң). Адамның мінезінің жайдарылығы мен ақылының кемелділігін «жаны жайсаң» деп сипаттайды. Ақиқатты өзімізден емес, басқадан іздеп үйренген ғалымдарымыздың пайымдауынша «зайсан» моңғол тілінде әскери-әкімшілік лауазым. Бұл өлке сондай әскери-әкімшілік аймағы болғандықтан, осындай атау қалыптасқан деп есептейді. Орыс тіліне бейімділігіне байланысты «жайсаң» емес, «зайсан» сөзі ресми қолданыс тапқан [1].

Зайсан Қазақстан тарихында айрықша іздері жосылып жатқан қойнауы құт, жері бай киелі өңір. Ол шығыс пен оңтүстікте құмды төбешіктерге құлаш жайған Ақжон жазығы, шыңдарының ұшар басы 3000 метрге дейін бой созған Сауыр- Сайқанның алып

жоталарының арғы жағындағы Қытай Халық Республикасымен, батыста Тарбағатай, солтүстікте Күршім аудандарымен шектеседі. 1939 жылға дейін Семей облысына, 1939 жылдан бастап жаңадан құрылған Шығыс Қазақстан (орталығы Өскемен) облысына қарады.

1960 жылы қазған «алтын қорған» ірі құрылыстарға жатады. Обадан табылған мүлікті тәптіштеп тізімдеген С.Черников барлығы 524 алтын зат тіркеді.

2003 жылы Шілікті алқабындағы Жалши ауылының маңындағы Қара оба – Бәйгетөбеден Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры А.Т.Төлеубаев басқарған ғылыми топ үшінші «Алтын Адамды» тауып, археология ғылымында сенсация жасады.

Қазақ ССР геология басқармасының 1939 жылғы зерттеу мәліметі бойынша «Кендірлік» көмір кенінің қоры 4 млрд тоннаға жетеді. Мұнда 800 млн тонна қоңыр көмір, 212 млн тонна тас көмір және 170 млн тонна жанғыш сланец қоры дәлелденген.

1934 жылы Зайсан қазан шұңқырында мұнай бар екені анықталды. Белгілі геолог В.П. Нехорошевтің тікелей басқаруымен осы өңірдің региондық, геологиялық картасы жасалды. Кейінірек Зайсан көлі маңайындағы мұнай қоры туралы Н.П. Туаев, Д.В.Дробышевский, Р.И.Вялова, В.С. Ерофеевтер өз еңбектерінде нақтылы дәлелдермен жазды. 1982-1996 жылдар аралығында «Восток геология» мемлекеттік өнеркәсіп мекемесінің ұсыныс бойынша мұнай қорын зерттеу жұмысын «Сарыбұлақ» учаскесінен бастады. Зерттеу қортындысы 100 млн тонна мұнай қорын анықтап отыр [3].

Ауданның жалпы жер көлемі 1044 мың гектарды құрайды, оның 837,1 мың га ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер, оның ішінде: егіндік - 34,5 мың га, оның 28,3 мың га суармалы, шабындық - 53,8 мың га, жайылымдық - 747,9 мың га.

Аудан аумағында ауылшаруашылығы мақсатында пайдаланылатын 6 ашық су көздері бар, олар Үйдене, Кендірлік, Жеменей, Шаған-Оба, Теректі және Темірсу өзендері. Осы өзендердің үшеуінің ағысы ауылшаруашылығы дақылдарын суару үшін реттелген.

Ауданның көлемі - 10,4 мың шаршы шақырым. Әкімшілік-аумақтық бөлініс 1 қаладан және 8 ауылдық округтерден тұрады.

Ауданды солтүстігінде Нарын мен Күршім, оңтүстігінен Саур-тарбағатай жоталарының сілемдерімен қоршалған тектоникалық қазаншұңқырда жатыр. Көл теңіз деңгейінен 395 м биіктікте. Жағалауы жайпақ. Тектоникалық бөген көлдер типіне жатады. Зайсанға Қара Ертіс өзені құяды да, Ертіс (Ақ Ертіс) ағып шығады. Өзеннің жалғасы көл табанындағы ені 2 км, тереңдігі 10 м-ге дейін баратын ұзынша ор түрінде байқалады. Жағалауы жайпақ, қоршалған тектоникалық қазаншұңқырда жатыр.

Су режимі Қара Ертіспен байланысты. Жазда таудағы қар ерігенде көл деңгейі көтеріледі. Қыста төмендейді. Су деңгейінің маусымдық ауытқуы 1 – 2,5 м. Ең төмен деңгейі сәуірдің басында байқалады. Қарашада суы қатып, сәуірде ериді. Ертістегі Бұқтырма СЭС-і салынғанға дейін көл айдынының аумағы 1788 км², ұзындығы 111 км, ені 30 км, орташа тереңд. 4 – 6 м (ең терең жері 10 м) болатын. Бөгет салынғаннан кейін көл Бұқтырма бөгеніне қосылып кетті. Көлемі артып, жаға сызығының пішіні өзгерді. Зайсанда балықтың 23 түрі мекендейді, оның 17-сінің кәсіптік маңызы бар. Әсіресе, бекіре, ақбалық, таймень, көксерке, табан, аққайран, сазан, т.б. көптеп ауланады. Көл маңында бірнеше балық кәсіпшілігімен айналысатын ауылдар (артельдер) бар. Суына ондатр жерсіндірілген. Көл айдыны кеме қатынасына пайдаланылады. Соңғы жылдары көлге құятын Қара Ертіс өзенінің суын Қытайда шамадан тыс пайдалану салдарынан Бұқтырма бөгенінің деңгейі төмендеп, аумағы кішіреюде. Қосылатын су мөлшері бұдан әрі азая берсе, Зайсан көлі бөгеннен оқшауланып, бұрынғы табиғи қалпына қайтып оралуы мүмкін [2].

Ауылдық және қалалық елді мекендердің саны – 37. Халық саны – 36,6 мың адам. Оның ішінде: қала халқы -41,0 %, ауыл халқы – 59,0%. Ұлттық құрамы: қазақтар 95%, орыстар -4%, басқалар - 1%. Ауданның көшіп-қону өзгерісі 2012 жылғы көрсеткішпен қарастырғанда ауданға келгендер динамикасы басым, атап айтқанда 2006 ж -1158 адам, 2007 ж – 1142 адам, 2008 ж – 1528 адам, 2009 ж -1937 адам, 2013 ж -893. Кеткендер саны - 2006 ж -1109 адам, 2007 ж – 1244 адам, 2008 ж – 1124 адам, 2009 ж -1190 адам, 2013 ж – 1311

адам.Көші-қон сальдосы келесідей өзгерістерді сипаттайды 2006 ж =49, 2007 ж =-102, 2008 ж =404, 2009 ж = 747, 2013 ж = -418. Халықтың табиғи қозғалысы 2013 ж бойынша туғандар 681 адам, қайтыс болғандар 262 адам.

2013 жылғы статистика бойынша Зайсан ауданының ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 14701,1 млн.тг. Ауылшаруашылығының мамандану бағыттары мал шаруашылығы, асыл тұқымды мал шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімдерін игеру.

Ауылшаруашылық құрылымдарының құрамы: ауылшаруашылық кәсіпорындар -9, өндірістік кооперативтер -9, шаруа қожалықтар – 1204.Агроөнеркәсіп кешенінде жүзеге асырылған инвестициялық жобалар бағыты аудан бойынша құрылыс материалдарын шығару комбинаты (кірпіш және темір-бетон зауыттарын), сүт және дәнді дақылдарды өндеуге, бидай тазалайтын және сақтайтын қойма салу, бал өндіру, балық шаруашылығы бағытталған.

Ауданның жер асты байлығы зерттелген – қоңыр көмір мен жанатын сланецке бай. Бұл - өмір сүрудің, өндірісті өркендетудің негізі. Қазіргі таңда, Кендірлік жеріндегі «Аққойын» атты елді-мекенінде қара көмір игеріледі. Көмір өндіру ЖШС «Сайхан» ісі терең шахталық-техникалық әдіспен жолға қойып, одан жоғары химиялық өнім алумен қамтамасыз етілуде. Ол тек отынмен, ауданымызды ғана емес, сондай-ақ, көрші аудандарды да қамтамасыз етуде.

2005 жылдан бастап, ЖШС «Балық өнім Шығыс» зауыты жұмыс істеуде. Сол сияқты минералды емдік сулар өндіруде. Әсіресе, Арасан-Талды, Ащылы жерлеріндегі сулардың көздері ашылып, игеру жолдарына қойылған. Онымен ЖШС «Зайсан сулары» айналысуда. Қазіргі таңда, біздің емдік ас-суымызға Өскемен, Семей, Қарағанды қалаларынан сұраныстар түсуде. Көршілес Қытай еліне де шығару көзделініп отыр.

2006 жылдың шілде айында облыстық көрмеде «Зайсан» минералды суы жүлделі бірінші орын мен хрусталь кубокқа ие болды.

Жалпы, Зайсан ауданының аумағынан мұнай мен газ кен орындарының табылғандығы туралы әңгіменің қозғалғандығына біраз уақыт болды. Мұнан кейін табылған кен орнын игеру шаруаларының басталғандығы жайлы да ақпараттар тарады. Былтыр алғашқы газдың өндіріле бастағандығын, енді елді мекендерді газдандыру мәселесінің де басталғандығын да газет бетінен оқығанбымұнайдың қоры әзірше 12,4 миллион тонна, ол әлі толық зерттеліп болған жоқ. Жоспар бойынша аудандағы 24 елді мекен газбен қамтылатын болса, оның 9-ы алғашқы кезекте газды тұтына бастамақ.

Ауданда 2007 жылдан бастап құрылған«Тарбағатай мұнай» жауапкершілігі шектеулі Зайсанның мұнайы мен газын игеруге алты жылда инвесторлар 39 миллиард 327,2 миллион теңге қаржы құйды. «Сарыбұлақ – Майқапшағай» газ құбыры магистралын тартуға 27,5 миллиард теңге жұмсалған.Оның ұзындығы – 92,5 шақырым. Құбыр арқылы жылына 0,6 миллиард текше метр көгілдір отын тұтынушыларға жетеді екен.

«ҚазТрансГаз Аймақ» жүргізген бірінші кезең жұмыстарының сәтті аяқталуы нәтижесінде Зайсан және Тарбағатай аудандарының елді мекендерін газдандыруға қажет технологиялық база жасақталғанын сенімді түрде айтуға болады. Бұл Шығыс Қазақстан облысының 2 ауданының тұрғындарын табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, көгілдір отынның келуі аймақтағы жұмыс істеп тұрған және алдағы уақытта ашылатын өндірістік кәсіпорындардың дамуына тың серпіліс береді. «ҚазТрансГаз Аймақ» компаниясы Зайсанды газдандыру жұмыстарын іске асырумен қатар Шығыс Қазақстан өндірістік филиалын құрып, осы өңірде жаңа база құрды. Бұл «ҚазТрансГаз Аймақ» компаниясы – тұрғындарды және кәсіпорындарды тауарлық газбен қамтамасыз ету бойынша өз қызметін жүзеге асыра бастаған еліміздің тоғызыншы газдандырылған аймағы.

Алдағы уақытта Қазақстанда мұнай мен тас көмір өндіру көлемі айтарлықтай өсу үрдісіне ие болу болашағы зор.Аудандық мұнай мен тас көмір өндіру көлемдерін арттыру үш фактормен байланысты.

Біріншіден, бұған инвестициялардың айтарлықтай құйылуы себеп болып отыр.

Екіншіден, көмірсутегі шикізатының дүниежүзілік рыноктарында қалыптасып отырған қолайлы конъюнктура.

Үшіншіден, ресурстық әлеуетті одан әрі қарқындата түсуге жүргізіліп отырған Зайсан қазаншұңқырлық кайнозойлық ойыстардың учаскелерін кең ауқымды зерттеу ықпал ететін болады.

Экономикалық әлеует – жоғары дамудың алғышарты. Оны жүзеге асыру терең ойластырылған стратегияға байланысты. Мұнда табиғи жағдайлар мен табиғи ресурстар шешуші рөл атқаруы тиіс. Осы арқылы ресурстарды экспортқа шығару тәуелділігін әлсіретіп, елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге болады.

Зайсан ауданының даму стратегиясы ауданды түпкілікті жаңалауға (модернизациялауға) бағытталған. Онда жаңа типті жоғары дамыған экономика құру басты орын алады. Мұндай экономиканың сипаттары:

- ең алдыңғы қатарлы технологияны қолданады;
- шикізат, сонымен қатар күрделі (жоғары технологиялық) дайын өнім өндіреді;
- ауданаралық шаруашылық байланысына қызмет көрсетеді;
- әрбір аудан тұрғынының лайықты өмір сүру деңгейіне көтереді.

Пайданылған әдебиеттер:

1. <http://www.zaysan.vko.gov.kz/ru/akim.htm>
2. Бейсенова А.С. Физико – географияческое исследование Казахстана. Алма – Ата.: 1982, 58 б.
3. Байбатыров Ғ. Зайсан тарихы : Өскемен : Б.ж., 2003. - 180 б.

ӘОЖ338.48

ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ЗОНА РЕТІНДЕ ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ПОТЕНЦИАЛЫ

Телеубай Жанасыл Бағланұлы

zhanasy11st@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, Туризм мамандығының І-ші курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Гиззатжанова А.Г

Туризм, бүгінгі таңда даму қарқыны ең жоғарғы деңгейдегі салалардың біріне айналып отырғаны хақ. Соның ішінде Қазақстандағы туризмнің дамуы отандық экономиканың шарықтауына, тұрғылықты халықтың әл-ауқатының жақсаруына мүмкіндік беретіні сөзсіз. Қазақстандағы туризмді дамытуда Қапшағай қаласы мен Қапшағай су қоймасының мүмкіндіктері өте жоғары.

Қапшағай қаласы Алматы облысының солтүстік-шығысында орналасқан, 1970 жылы негізі қаланған. Қапшағай қаласы Іле ауданының аудан орталығы болып табылады. Қала 3600 шаршы метрді құрайды. Қалада қазіргі таңда 2 округ және 11 елді мекен бар. Қапшағай бөгетінің солтүстік батысында 20 шақырым жерде Іле өзенінің оң жағасында Тамғалы тас орналасқан. Бұл өңірде 54,4 мыңнан астам адам тұрады. Қала Қапшағай бөгеті жағасында бой көтерген. Қапшағай халықтың ең көп демалатын жерлерінің бірі болып саналады. Қаланың тұрақты тұрғындарының саны 50898 адам. 1998 жылы қаланың әкімшілік-территориялық бағынуына Шеңгелді округі берілді, сонымен қатар қала құрамына 8 елді мекен кіреді, олардың барлығы ауылдық елді мекендер [1].

Қапшағай қаласының туристік зона ретінде дамуы Қапшағай су қоймасының ресурстарына негізделеді. Қапшағай су қоймасы Қазақстандағы ең үлкені болып табылады. Жасанды су қойманың ұзындығы 100 км, ені 25 км [2].

Су қоймаларындағы шомылатын-жағажай демалысын бағалау мынадай көрсеткіштер негізінде жасалады: жағалаудың сипаттамасы, суға түсетін орындары, жағажай сипаты, жағалаудың тереңдік деңгейі, ағыстың жылдамдығы (өзендер үшін), судың температурасы